

# Қазақстандағы кәсіпорындардың іскерлік белсендігі

2024 жылғы II тоқсан

Жариялау күні: 15.07.2024

Келесі жариялау күні: 15.10.2024

## [1. Негізгі тұстары](#)

## [2. Конъюнктуралық зерттеу](#)

## [3. Әдіснамалық түсіндірмелер](#)

## [4. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

## [5. Электрондық кестелер](#)


### [1. Негізгі тұстары](#)

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін зерттеуге 2024 жылдың II тоқсанында 905 кәсіпорын қатысты (оның ішінде: тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу - 118, өңдеу өнеркәсібі - 601, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау 108, сумен жабдықтау -78).

2024 жылдың II тоқсанында сауданың іскерлік белсенділігін зерттеуге 1502 кәсіпорын қатысты (оның ішінде: көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуде - 68, автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, көтерме саудада сату - 857, автомобильдер мен мотоциклдер сатудан басқа бөлшек саудада сату -577).

Құрылыс кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеуге 2024 жылдың II тоқсанында 480 кәсіпорын қатысты (оның ішінде: мемлекеттік -4, жеке меншік -453, шетелдік -23).

### Кәсіпкерлік белсенділік индексінің өзгерісі



## [2. Конъюнктуралық зерттеулер](#)

2024 жылғы II тоқсанда 85% **өнеркәсіп** кәсіпорындарының басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 70% кәсіпорын өзінің қаржылық - шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 15% - жақсаруын және 13% - нашарлайтындығын күтеді.

2024 жылғы II тоқсанда 85% **сауда** кәсіпорындардың басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 69% кәсіпорын өзінің қаржылық - шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 16% - жақсаруын және 14% - нашарлайтындығын күтеді.

2024 жылғы II тоқсанда сауда кәсіпорындарын зерттеу нәтижелері бойынша іскерлік белсенділіктің артуы байқалады.

2024 жылғы II тоқсанда сату түрлері бойынша сауда көлемі:

- көтерме сауда -21%
- бөлшек сауда -21%
- электронды сауда алаңы арқылы -7%
- электронды сауда алаңынан тыс -30%

2024 жылғы II тоқсанда 86% құрылыс кәсіпорындарының басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.


Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 64% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 22% - жақсаруын және 13% - нашарлайтындығын күтеді.

2024 жылғы II тоқсанда 4676 кәсіпорындарының басшылары өндірісті қызметін шектейтін факторларды атап өтті:

### Өндірістік әрекетті шектейтін фактор

	Қаржылық	Жоғары өзіндік құн	Төмен өнімділік	Реттеушілік	Экономикалық ахуал
өте жақсы	1766	1267	970	1108	1411
жақсы	564	730	576	606	648
қанағаттанарлық	813	1057	1064	980	887
жаман	346	510	532	594	424
өте жаман	1012	937	1359	1213	1131

ESG критерийлерін талдау республикадағы кәсіпорындардың 75%-ы экологиялық критерийлерге, 73%-ы корпоративтік басқару критерийлеріне сәйкес келмейтінін, сонымен қатар кәсіпорындардың 66%-ы әлеуметтік критерийлерге сәйкес келмейтінін көрсетеді.



Осылайша, өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда шығарындылардың 27%-ы төмендегенін байқады, бұл ретте компаниялардың 34%-ы шығарындылар мен төгінділер көздерінде экологиялық бақылауды жүзеге асырмайтынын атап өткен жөн. Сондай-ақ кәсіпорындардың 37%-ында ұзақ мерзімді даму стратегиясы бар, ал кәсіпорындардың 30%-ында ерікті медициналық сақтандыру және материалдық көмек түрінде қызметкерлерге қосымша әлеуметтік қолдау пакеті бар екенін атап өткен жөн.

### 3. Әдіснамалық түсіндірмелер

Өнеркәсіп кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі нақты қалыптасқан сұраныс деңгейі мен дайын өнім қорлары (соңғысы – кері белгісі бар) бағаларының «баланстарының» орташа арифметикалық мәні ретінде, сондай-ақ өндіріс көлемінің күтілетін өзгерістері пайызбен есептеледі.

Сауда кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі нақты қалыптасқан экономикалық жағдай мен қойма қорларының деңгейін бағалаудың «баланстарының»

орташа арифметикалық мәні ретінде (соңғысы – кері белгісі бар), сондай-ақ экономикалық жағдайдың күтілетін өзгерістері пайызбен есептеледі.

Құрылыс кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі тапсырыстар портфелінің нақты жай-күйін бағалаудың «баланстарының» орташа арифметикалық мәні және ұйымдарда жұмыс істейтін санның күтілетін өзгерісі пайызбен есептеледі. Баланс деп зерттелетін кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қандай да бір көрсеткішінің пайызбен «ұлғаюын» және «азаюын» атап өткен респонденттер үлесінің айырмасын түсіну керек.

#### **4. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер**

**Конъюнктуралық зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан кәсіпорындарының іскерлік белсенділігі**

#### **5. Электрондық кестелер**

**Конъюнктуралық зерттеу**

<b>Шығаруға жауапты:</b> Ұлттық шоттар департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Ә. Нақыпбеков Тел. +7 7172 749717	<b>Орынд:</b> М.Абулкасимова Тел. +77172 749306 E-mail: m.abulkasimova@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы